

Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 134 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 тамызда № 5942 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 89 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 29.03.2024 № 89 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының 14 сессиясының төрагасы, **Н. Байқадамов**
облыстық мәслихат хатшысы

Қызылорда облыстық мәслихатының
2017 жылғы "14" шілдедегі
№ 134 шешімімен бекітілген

Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары

Ескерту. Қағидаларында өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Тұрғын үй қатынастары туралы"

1997 жылғы 16 сәуірдегі заңдарына және басқа да халықтың көші-қоны мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзірленді және Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеудің тәртібін айқындаиды.

2. Көші-қон процестерін реттеу:

адамның тұрғылықты жерді еркін таңдау, еңбек ету еркіндігін және қызмет түрі мен кәсібін өз қалауынша таңдауға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге;

кету және орын ауыстыру бостандығына;

шығу тегі, әлеуметтік және мұліктік жағдайы немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол бермеуге негізделеді.

3. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

2) қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуышыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

3) қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуышыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны

Ескерту. 3-тармақта өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 18.06.2019 № 326 шешімімен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу тәртібі

4. Өнірде көші-қон процестерін мониторингтеу, олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының жай-күйіне, экологиялық ахуалына әсері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Өнірдегі көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, көшіп келу, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағыны, урбандалу процесі, өнірдің экологиялық және діни жағдайы, халықтың ұлттық құрамы, өнірлік еңбек нарығының тенгерімділігі жатады.

5. Өнірдегі көші-қон процестерін реттеу үшін "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:

қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өнірдің тиісті аумағын белгілеуге (алып тастауға);

шетелдік жұмыс күшін, оның ішінде этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға);

қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға арналған өнірлік квоталарын ұлғайтуға (қысқартуға) қатысты ұсыныстар енгізеді.

6. Қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квоталарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Халықтың кетуі халықтың көбею қарқынына қарағанда көп болған кезде көші-қон процестерін реттеу, оның ішінде білікті жұмыс күшін тартуға және оларға жедел әлеуметтік бейімделуге жәрдем көрсетуге, қандастарды, әсіресе жастарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға бағытталған іс-шаралар әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

8. Мониторингті қамтамасыз ету және көші-қон жағдайының дамуын болжаяу, жұмыспен қамту, мектептер, балабақшалар және медициналық мекемелер салу мәселелерін шешу, әлеуметтік-экономикалық дамытуды жоспарлау мақсатында халықты тіркеу есебі жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын немесе тұрғылықты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты және (немесе) уақытша болатын (тұратын) жеріне тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

10. "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелетін көші-қон процестерін реттеу саласында өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.